

ЦИТАТА ДНЯ

Михаэль КОРТЮМ,
ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ДИРЕКТОР
АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ»:

« МЫ ДОЛЖНЫ ПРИЙТИ К ЕДИНОМУ ЗНАМЕНАТЕЛЮ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ПОТРЕБНОСТИ ПАССАЖИРОВ, В ПРЕДОСТАВЛЕНИИ КАЧЕСТВЕННЫХ УСЛУГ, НАДЕЖНОСТИ ПАССАЖИРСКИХ ПЕРЕВОЗОК. МЫ СДЕЛАЕМ ЭТО ВМЕСТЕ, И У НАС ВСЕ ПОЛУЧИТСЯ »

ПЕРЕВОЗКИ

КОЭФФИЦИЕНТ ЛОЯЛЬНОСТИ – НА ПОЛЬЗУ ПОГРУЗКЕ

В АО «Қазтеміртранс» утверждено коэффициент лояльности, согласно которому будет осуществляться распределение крытых вагонов среди грузоотправителей.

Спрос клиентов на крытые вагоны ежегодно возрастает в сезон уборки урожая – с сентября по декабрь.

– Будучи национальным оператором, мы придерживаемся стабильной ценовой политики, в то время как частные собственники могут позволить себе повышение цен на вагоны в эти периоды. Вследствие чего многие грузоотправители приходят к нам. Чтобы сохранить за нашими постоянными клиентами приоритетное право на получение вагонов под погрузку, мы разработали коэффициент лояльности, – рассказала директор департамента по работе с клиентами АО «Қазтеміртранс» Ляззат Жумашева. – Проведя анализ погрузки с февраля текущего года, когда АО «Қазтеміртранс» стало предоставлять услуги оператора вагонов, мы заметили, что парком компании пользуются разные категории грузоотправителей. Некоторые остаются верны компании на протяжении всего года, независимо от сезона. Заключают с нами сервисные контракты. Другие ищут альтернативу, обращаясь к частным операторам, а когда вагонов не хватает, вновь возвращаются к нам. Теперь во время повышенного спроса на крытые вагоны мы будем отдавать предпочтение тем клиентам, кто с нами работает постоянно.

Утвержденный в компании коэффициент лояльности распространяется на четыре категории грузоотправителей. К первой относятся грузоотправители, подписавшие сервисный контракт с АО «Қазтеміртранс». Ко второй категории – грузоотправители, ежемесячно использующие для погрузки 90 и более процентов вагонов ҚТТ от общего объема перевозок. К третьей – от 50 процентов вагонов в месяц, а к четвертой – использующие менее 50 процентов парка ҚТТ.

В период с сентября по декабрь текущего года при распределении крытых вагонов по станциям Костанай, Сарыколь, Кокшетау-1, Павлодар, Павлодар-Южный, Павлодар-Порт, Павлодар-Северный, Шарбақты работники региональных филиалов АО «Қазтеміртранс», взаимодействующие с контрагентами по вопросам оперирования парком, будут осуществлять подачу в соответствии с утвержденным коэффициентом.

Так, обеспечение вагонами второй категории клиентов начнется в случае полного обеспечения клиентов первой категории. Третьей – после полного обеспечения первой и второй категорий клиентов и так далее. При одинаковых категориях лояльности предпочтение будет отдаваться заявке грузоотправителя, поступившей раньше.

Любовь РОББА

БРИФИНГ

ӨТПЕДЕГІ ОҚИҒА: КІМ КІНӘЛІ?

Кеше ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр мен Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғынбаевтың қатысумен Ақсөңгір – Шамалған теміржол өтпесінде Алматы-Қостанай бағытындағы жолаушылар пойызының қала маңына қатынайтын автобуспен соқтығысқан оқиғасына қатысты брифинг өтті.



Сұлугұл БАКЕСОВА

«Оқиға кешкі сағат 19.08 минутта болды. Алматы – Отар теліміне қарасты Ақсөңгір – Шамалған теміржол өтпесінде №43 Алматы – Қостанай бағытындағы жолаушылар пойызы №456 Алматы – Қаскелең рейсіндегі жолаушылар автобусымен соқтығысты. Өкінішке қарай, оқиға орнында автобус жүргізушісі қаза болып, үш адам жапа шекті. Қайтыс болған марқұмның отбасына министрліктің және өз атымынан көңіл айтамын. Біздің министрлікте жол-көлік оқиғасын тексеру бойынша арнайы комиссия құрылды, оның құрамына Көлік комитеті мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ лауазымды тұлғалары кіріп отыр. Пойыз жақындап қалған 2434 метр қашықтықта өтпесінің сигнал беретін құрылысы автоматты түрде іске қосылып, дыбыс беруі қалыпты болған, сондай-ақ, бағдаршамның қызыл шамы жанған, алайда, шлагбаум өтпеді көлік тұрып қалғандықтан толықтай түсірілмеген, өйткені, осы кезде автобус өтпе үстіне шығып кеткен. Автобус көліктердің кептелісінің сақдарынан ары-бері қозғала алмай сол өтпеді тұрып қалған. Ал 97 км/сағат жылдамдықпен келе жатқан

пойыз өтпеге жақын қалған 500 метр қашықтықта шұғыл тегежіш басқан. Алайда, жолаушылар автобусымен соқтығыспау мүмкін болмады. Норматив бойынша тегежіш басқаннан кейін пойыздың жүріп өтетін жолы 712 метр болса, машинист жолдың жүру қашықтығын 671 метрге дейін қысқарта алған. Яғни, шұғыл тегежіш басқаннан кейін пойызды толық тоқтату үшін жүріп өткен жол қашықтығы 671 метрді құраған. Автобуспен соқтығысқан сәттегі пойыздың жылдамдығы 55 км/сағатты құраған. Жекеменшік тасымалдаушы «Түркісіб – Астана» ЖШС алға тартқан дерекке сүйенсек, пойыздағы жолаушылар арасында зардап шеккендер жоқ. Ал өтпеге келсек, ол жолды бөгеу құрылысымен, шлагбауммен, бағдаршаммен, яғни талапқа сай толық жарақатандырылған. Автобуска келсек, ол Сетра маркалы, 1990 жылы шыққан көлік. Соңғы техникалық байқаудан өту мерзімі быылғы жылдың 16 шілдесінде біткен. Бірақ, одан бері қарай көлік техбайқаудан өтпеген. Тасымалдаушы – «Қаскелең автобус паркі» ЖШС. Ал жапа шеккен жандарға келсек, Жәнібекова Эльмира 1986 жылы туылған және оның екі қызы, бірі 2016 жылы, екіншісі 2014 жылы дүниеге келген. Эльмира Алматы

локомотив пайдалану депосында жұмыс істейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жапа шегушінің өзі мен қыздарына толықтай материалдық көмек көрсетіп, ем-дом қабылдауына жәрдем беретінін жеткізді», – деп ресми ақпарат берді Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі. Ал ҚР ІІМ-нің басшысы қазір жол-көлік оқиғасына қатысты тергеу жұмыстары жүріп жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, автобус жүргізушісі пойыздың келе жатқанын көріп, артқы есікті ашып, көліктен 20 адамның 16-сы сыртқа шығып үлгерген... Апат кезінде автобуста төрт адам қалған, ол жанында екі қызы бар әйел және жүргізушінің өзі екен. Жүргізуші қаза болып, ауыр жарақат алған жапа шегушілер Қарасай аудандық ауруханасына жеткізілген. Оқиға орнында көліктегі полиция депар-

болды. Роман Скляр келешекте осы өтпе маңынан, яғни 1 км қашықтықта көпір салуды жоспарлап отырғандарын, келесі жылы осы көпірге қатысты жобалық сметалық құжаттама әзірленіп және құрылыс жұмыстары басталатынын жеткізді. Сонымен қатар ол осы өтпеден 7 км қашықтықта өткен жылдары бір көпір салынып, пайдалануға берілгенін және бұл нысанның бой көтеруімен екі теміржол өтпесінің жабылғанын атап өтті. Оның айтуынша, елімізде 1058 теміржол өтпесі бар болса, соның 467-сіне көлік көп өтетін жерлер болғандықтан күзет қойылған. Алайда, соған қарамастан, бұл жерлерде жол-көлік оқиғаларының болып жататынын кешегі оқиға тағы айқындап отыр. Мәселен, 2018 жылы 9 жол-көлік оқиғасы орын алған, одан 2 адам қайтыс болып, 20 адам жарақаттанған.



таменті және Алматы облыстық полиция департаментінің шұғыл тергеу тобы жұмыс істеу үстінде екен. Жол жүру ережелерінің бұзылуына қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 34-35 баптарына сәйкес қылмыстық іс қозғалуы мүмкін. Қос ведомство басшыларының мәлімдемесінен кейін БАҚ өкілдері сұрақ жаудырты. Көпшілікті толандырған сауалдар, қун сайын 65 пойыз толассыз өтіп жататын аталған өтпе үстінен көпір салынады ма? Оқиғаға кім кінәлі, т.т.

Был кешегі оқиғаны қосқанда 7 жол-көлік оқиғасы болып, 1 адам қаза тауып, 15 адам жарақат алған. Ішкі істер министрі жол-көлік оқиғаларының 98 пайызында көлік жүргізушілерінің кінәлі екенін жаздырмады. «Теміржол өтпесі алдында «STOP» деген белгі тұрды. Көп жағдайда көлік жүргізушілері соны елемей, жол жүру ережесін ерескел бұзады» деген министр көлік жүргізушілеріне қатысты тәртіпті күшейту жағын қарастыратынын жеткізді.

СЫНАҚ

ЖАҢА БАСШЫЛАРДЫ ОҚЫТТЫ

Ақмола жүк тасымалы бөлімшесінде жаңадан тағайындалған станция бастықтары мен олардың орынбасарлары және инженерлер құрамымен арнайы оқу жүргізілді.

Филиалдың бас инженері С.Баржақсіннің жетекшілігімен өткен оқудың мақсаты – басшылық құрамды өз қызметтік міндеттерін тиімді және нәтижелі орындауға баулу. Оқуға жаңадан тағайындалған 15 станция басшысы мен орынбасарлары және 5 инженер қатысты. Бұл оқуды өткізу үшін арнайы бағдарлама жасалып, онда еңбек қорғау мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, станция жұмысының пайдалану көрсеткіштерін орындау, нормативті-техникалық құжаттарды сапалы дайындау сияқты тағысың тағы

маңызды мәселелерге ерекше назар бөлінген. Мысалы, жүк тасымалы бөлімшесінің бөлім бастықтары мен жетекші инженерлері сабаққа қатысушыларға «Оқиғаларды олардың түпкі себеп-салдарын анықтай отырып басқару. «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарында мінез-құлық диалогы» стандарттары бойынша ақпараттарды егжей-тегжейлі жеткізіп, көп уақыт жергілікті жағдайда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін негізгі құжат, станцияның техникалық-өкімгерлік актісін

әзірлеу жөніндегі нұсқаулықтарды тереңірек оқып білуге жұмсалған. Сонымен қатар техникалық сабақтарды ұйымдастыру және оқыту мәселелері жіті талқыланып, әрмен қарай жас мамандармен автоматтандырылған басқару жүйесі, логистика, тасымалдау шарттары және ұйымдастыру бөлімдерінің мәселелері, станция жұмысындағы негізгі көрсеткіштері талқыланды. Оқу барысында Көкшетау-1 станциясында көрсеткіштік комиссиялық байқау өтіп, оның барысында түрлі ауытқушылықтар мен ақауларды анықтау процесі көрсетілген. Сонымен қатар байқауды сапалы жүргізу мақсатында оқуға қатысушыларға тексерісті жүргізу барысында қолданатын негізгі аспаптар көрсетілген көрнекі құралдар табыс етілген. Ал оқу соңында барлық өткізілген тақырыптар бойынша станция жетекшілері сынақ тапсырып, ол сынақтан бірдебіреуі сүрінбей, жеңіл өткен.

Ислам ТАЛҒАТ

ЗАКОНОПРОЕКТ

КУРС НА ПЕРЕМЕННЫ

Концепция проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам железнодорожного транспорта» представлена на заседании межведомственной комиссии по законопроектной работе.

По мнению разработчиков, одной из ключевых целей реформирования железнодорожной отрасли является создание условий для формирования конкурентного рынка грузовых перевозок и доступа частных перевозчиков к магистральной железнодорожной сети, реализуемых в два этапа.

– Будет реализован механизм прозрачного учета и контроля затрат на пассажирские перевозки. При этом, принимая во внимание наличие сразу нескольких инструментов поддержки пассажирских перевозок, в частности, установ-

ление низких тарифов на билеты, перекрестное субсидирование пассажирских перевозок за счет грузовых перевозок, субсидирование пассажирских перевозок из государственного бюджета, поддержка в приобретении пассажирских вагонов, – сказал вице-министр индустрии и инновационного развития РК Берик Камалиев.

Кроме того, ожидается повышение транспарентности механизма выделения субсидий и иных форм поддержки пассажирских перевозок, предоставление открытых и равных условий деятельности для пассажирских пе-

ревозчиков, достижение повышения их эффективности, развитие пассажирской локомотивной тяги с учетом современных потребностей в отдельном секторе.

Законопроектом предлагается внести изменения и дополнения в предпринимательский и налоговый кодекс, а также в Закон «О железнодорожном транспорте».

Изменения и дополнения предлагается ввести с 1 января 2020 года со сроком на один год, за исключением поправок, связанных с понятием «транзит груза», которые вступят в силу по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования закона.

Также в рамках обсуждения проекта концепции в НПП «Атамекен», субъектами рынка, в частности, частными грузовыми перевозчиками, были озвучены предложения по включению их в участие в перекрестном субсидировании расходов пассажирских перевозчиков. Данные предложения в целом поддерживаются и предлагаются к внедрению вторым этапом.

Руслан РАХМЕТОВ

НОВОСТИ

ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН ПУТЬ КОРОЧЕ

Казakhstan поможет трейдерам Челябинской области создать новый контейнерный маршрут в Китай. Первый поезд в составе 42 контейнеров с сельскохозяйственной и зерновой продукцией челябинского производства проследует со станции Формачево в китайский город Инкоу провинции Ляони через пограничный пункт пропуска Достык.

Сейчас доставка грузов по Транссибирской магистрали до Забайкальска, являющегося самым популярным пунктом перехода границы, и Маньчжурии (КНР) занимает 40-50 дней. По оценке российских специалистов, новый контейнерный маршрут из Челябинска через Казахстан сократит время в пути до 7-10 дней. Также транспортный коридор Формачево – Достык – Инкоу положительно повлияет на экономику всего Челябинского региона, поскольку появится возможность экспорта российской продукции на китайский рынок.

Так, ООО «Сухой порт Южноуральский» в конце сентября намерено отправить первый регулярный контейнерный поезд с зерновой продукцией из Челябинской области в Китай через Казахстан. Новый маршрут должен сократить время в пути для зерна из региона в пять раз.

По словам генерального директора ООО «Сухой порт Южноуральский» Максима Царева, сейчас компания рассматривает несколько железнодорожных операторских компаний для организации нового контейнерного сервиса.

По его словам, планируется перевозить не только зерно, но и широкую номенклатуру грузов: сельскохозяйственную продукцию, минералы, металлургическую продукцию, сырье.

По словам же начальника Южно-Уральского территориального центра фирменного транспортного обслуживания ОАО «РЖД» Александра Воронина, Челябинская область может открыть новый логистический коридор через Казахстан в Китай.

Асель ШАЙХИНОВА

ОСТАНОВКА ПО ТРЕБОВАНИЮ

С начала года в поездах АО «Пассажирские перевозки» зафиксирован 91 случай срыва стоп-крана.

Анализ за восемь месяцев текущего года показал, что 27 раз пассажиры срывали стоп-кран по неосторожности, 14 – при опоздании пассажира на поезд, 5 – для вызова скорой медицинской помощи и 8 раз при угрозе жизни людей на путях.

Кроме того, зафиксировано 6 случаев по нехватке времени для высадки пассажиров на станциях, 3 раза стоп-кран срывали нетрезвые пассажиры. В некоторых случаях это были провозжающие лица, а в некоторых – лжонные срабатывание систем безопасности, сообщения в пресс-службе национального перевозчика.

В АО «Пассажирские перевозки» напомнили, что согласно Кодексу РК «Об административных правонарушениях» за остановку поезда без надобности, незаконный проезд в грузовых поездах, посадку и высадку на ходу поезда, проезд на подножках и крышах вагонов установлен штраф в размере пяти месячных расчетных показателей. Штраф в размере трех месячных расчетных показателей будет наложен за выброс мусора и других предметов из окон и дверей вагонов, открытие наружных дверей во время движения.

Национальный перевозчик призывает пассажиров быть предельно внимательными и строго соблюдать правила перевозок в пути следования.

Роман ЛЮБИМОВ

ЦИФРА НОМЕРА

РЕКОРДНЫЕ

15

ПОЕЗДОВ С ДОСТЫКА НА АЛАШАНЬКОУ СДАНЫ ЗА ОДИН ДЕНЬ ПО ШИРОКОЙ КОЛЕСИЦЕ

АҚПАРАТ

ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛУДА

Тоғыз жолдың торабына айналған теміржол саласында қысқа дайындық барысының басталғанына біршама уақыт болды. Шынын айтсақ, жаз шанасын қыс сайлайтын теміржолшылар қыс қамын сонау көктемнен жасай бастауды үрдіске айналдырған.

Ал күзгі комиссиялық байқау – сол алты ай жаздың жұмысын қорытындылап, алдағы қатал маусымға дайындық емтиханы сынды. Тараздық теміржолшылар қыркүйек айының алғашқы аптасында алдымен көмір жеткізу мәселесін пысықтаса, өткен аптадан бастап күздік байқауға қызу дайындық жүргізуде. Жамбыл темір жол вокзалы бастығының орынбасары Мақсат Садығұловтың айтуынша, қазіргі таңда бөлімшеге қарасты ғимараттарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп біткен, бүгінде ақтау, сырлау, тағысын тағы тазалық жұмыстары жасалып жатыр екен. «Бөлімше, оның ішінде вокзал шаруашылығы күзгі байқауды ойдағдай өткізеді деп сеніммен айта аламыз», – дейді Мақсат Садығұлов. Қысқа дайындық барысы пысықталатын бұл науқандық жұмыс шамамен бір ай бойына жалғасады деп күтілуде.

Әсел ЖАЙНАҚОВА, Тараз

БАҚЫЛАУДА – АШЫҚ ВАГОНДАР

Өткен аптада Маңғыстау ЖТ бөлімшесінде «Ашық вагондармен жұмыс бойынша ерекше режим» атты айлық басталды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ көлемінде өткізіліп отырған шара 10 қыркүйекте басталған айлық 10 қазанға дейін жалғасады. Айлық мақсаты – компанияның табысын арттырып, жүк операциялары шеңберінде вагондар тұрып қалуларын қысқару жолымен ашық жүк вагондар паркін тиімді пайдалану есебімен елдің энергетикалық тұрақтылығын сақтау.

Маңғыстау филиалында айлықты өткізу және жұмыс тобын құру туралы №366 бұйрық шығарылды. Соның аясында топтардың міндеттері мен жұмыстағы басымдық берілетін бағыттар анықталды. Сонымен қатар ашық вагондармен жұмыстарды күшейту бойынша кешенді шаралар жасалып, бекітілді. Маңғыстау ЖТ бөлімшесі директорларының орынбасары Ерлан Бүркітовтің айтуынша, барлық жұмыс орындарында, бөлімшеде, станцияларда, депода айлықтың өтетіндігі туралы анықталып отыр.

Селекторлық жиындарда желілік бөлімше басшыларына ашық вагондар қозғалысын бақылау, кіреберіс жолдардағы жұмысты жеделдету, вагондардың нормадан тыс тұрып қалуына жол бермеу бойынша өтінімдердің орындалысы жөнінен нақты тапсырмалар берілді.

Айлық қорытындысында аталған басшылардың ашық вагондарды тиімді пайдалану бойынша қабылданған шаралары мен жұмысына баға берілетін болады.

Нұрса НУРЛАНҚЫЗЫ

МАЛ БАСУ ФАКТИСІ АЗАЙҒАН

Арыс жол дистанциясының берген мәліметі бойынша, мыл теміржолдарда бірде-бір рет мал басу оқиғасы тіркелмеген. Десе де, бұл жолда қараусыз жүрген мал жоқ дегенді білдірмейді. Бұл – жолшылардың нәтижелі жұмысының жемісі.

Теміржол – аса қауіпті аймақ. Жабық қоршаудан, белгіленбеген жерден өте салу, шлагбаум жабық тұрса да асығудың сақдары – өмірмізнен қош айтысуға алып келуі мүмкін екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ, оны күнде көріп, біліп отырымыз. Арыс жол дистанциясының, яғни ПЧ-54 басшысы Махмуд Рысбеков 7 ай ішінде бірде-бір адам және мал қауіпсіздік келесі фактілердің болмағандығына көңіл семулі екенін, дегенмен теміржол маңайындағы жергілікті тұрғындарға үгіт-насихат үздіксіз жүргізіліп, басқалы да профилактикалық шаралар жасалып жатқанымен әлі де ереже бұзатындар көп екенін қынжыла жеткізді.

Айталық, қазан айында Дарбаза – Сарыағаш өткелі 3 пикеттегі 3330 шақырымдағы жолға қараусыз мал шығып кеткен. Пойыз машинисі дер кезінде тоқтап үлгеріп, малды қағып кетпеген. Ақпан айында Жылға-Дарбаза аралығында, наурызда Сарыағаш-Дарбаза өткеліндегі 7 пикетте, сәуірде Сарыағаш-Дарбаза аралығында мал жайылып жүргені туралы деректер тіркеліп, жолшылар пойыз машинистерінің мал басып кетуінің алдын алған.

«Мұнымен қоса жыл басынан бері Арыс жол дистанциясының мамандары жолға ірі қара малдың шығып кетпеуі үшін 2,3 шақырымдай сыммен қоршау жұмыстарын жүргізді», – дейді Махмуд Рысбеков.

Сондай-ақ, жыл басынан бері 7 ай ішінде жол жүру ережелерін бұзған автокөлік жүргізушілері де аз емес екен. Айталық, наурыз айында екі бірдей автокөлік жүргізушісі пойыз өтетін жолдағы жабық шлагбаумға қарамастан басып өткен. Көк түсті «ГАЗ-53» мемлекеттік нөмірдегі КЗ 329 DAR көлігі №2819 жүк пойызының алдындағы жабық шлагбаумнан өтіп кеткен. Екіншісі, 15 наурыз күні сұр түсті мемлекеттік номердегі КЗ 110 XFA «КА» көлігі №2007 жүк пойызының алдындағы жабық шлагбаумды кесіп өткен. Мамыр айында да екі оқиға тіркелген. Бірі мемлекеттік номерлі КЗ 724 IZB «Ларгус» көлігі №2817 жүк пойызының алдынан кесіп өтсе, екіншісі, қызыл түсті мемлекеттік номерлі КЗ 460 OVB «КАМАЗ» №4302 жүк пойызының өтетініне қарамастан жабық шлагбаумды қағып өткен.

Маусым айында да шлагбаумның жабық тұрғанына қарамастан өрескел ережені бұзған екі оқиға тіркелді. Оның бірі қара түсті лада Калина көлігі № 2839 жүк пойызының жолын кесіп өтуге тырысса, екіншісі №2826 жүк пойызының жабық шлагбаумын кесіп өткен.

Шілде айында да Тойота-Камри көлігі №3001 ірі жүк пойызын кесіп өтсе, екіншісі КЗ 848 XZZ 13 маркалы Тойота № 6938 қаламаны тасымалы пойызының алдынан жүріп өткен. Міне, ажалына асыққан жүргізушілер қашанғы жолы бола беретінін, бір күні опық жейтіндерін түсінбейтіндері өкінішті...

Жаная СЫДЫҚБАЙ, Шымкент қаласы

ЖОЛДАУ – 2019

ЖОЛАУШЫҒА БАҒДАРЛАНҒАН ЖҮЙЕ

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің кепілі» атты Жолдауы талқыланған алқа мәжілісінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Серік Әбденов өзекті мәселеге қатысты ой білдірді.

Ұлан ОРАЗ

С. Әбденов өз сөзінде қолдан жасалған билет тапшылығымен күрес және темір жолдағы тариф пен баға белгілеу мәселесімен жүйелі айналысу жайын баяндады.

– Көлік саласындағы кейбір заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, заң жобасында жолаушылар тасымалы субсидиялау жүйесінің айқындылығын қамтамасыз ететін түзетулер қарастырылуда. Қолданыстағы заңдарға ұсынылып отырған түзетулерді жүзеге асыру ұлттық компания тобында құрылымдық қайта өзгерістер қажет етеді. Осыған орай «ҚТЖ-ЖТ» АҚ құрамында «Жолаушылар локомотивтері» атты құрылымдық бөлімше ашылмақ, – деді С.Әбденов.

Одан әрі ол қолдан жасалған билет

тапшылығын жою бойынша бірқатар күрес шараларына кеңінен тоқталды. Бұл тұрғыда жолаушылардың ұйымдасқан тобынан түсетін өтінімдер беру мерзімі, резервтелген орындарды сапты алу мерзімі өзгертілді. Сонымен қатар жолаушылардың ұйымдасқан топтарының бастапқы тізімін өзгертуге шектеулер қойылды. Бұрын пойыз жүргенге дейінгі 7 күн ішінде аталған тізімді қайта-қайта өзгертуге мүмкіндік болған. Бұған қоса топтық билеттерді рәсімдеуде әрбір жолаушыны жеке-жеке рәсімдеуге ауыстырылды. Ал бұл бұған дейін барлық топқа сол топ жетекшісінің реквизитін көрсету арқылы тек бір бланкпен ғана толтырылып, рәсімделетін. Сондай-ақ бұрын қайтарымсыз депозит бойынша бір орынды резервтеу жинағы 1 орынға 290 теңгеден келсе, қазір топтық жал-

пы жол жүру сомасынан 30 пайыз алынады. Жолаушылардың жолда жүру жағдайын жақсарту мақсатында жолаушыларды, багаж-дар мен жүк багаждарын тасымалдау ережелеріне де толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, бұл барлық мүгедектер мен мүгедек балалар үшін билет құнына қарай 50 пайыз жеңілдік жасау, билет қайтарып алу операциясы үшін 1000 теңге көлемінде комиссиялық алым алмауға қатысты болып отыр.

Жолаушылар тасымалы бойынша талаптардың орындалуы мәселесіне қатысты билетсіз мінгендер мен рәсімделмеген жүктердің өтуіне жол бермеу және бақылау бойынша ревизорлық қызмет жұмысы қайта ұйымдастырылды.

Сонымен бірге IT жүйе жетілдіріліп, соның аясында темір жол билеттерін

ФОРУМ КҮНДЕЛІП

МАШИНАЖАСАУ: САЛАНЫҢ ДАМУ СЕРПІНІ

VII Қазақстан машина жасаушылар форумы шеңберінде екінші күні өткен секциялық мәжілістердің бірі – теміржол машина жасау саласын өрі қарай дамыту тақырыбына арналды. Бұл шарада «ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық орталығының бас менеджері Аян Кәрібжанов өндірістік активтерді, жаңа сериялы жылжымалы құрамдарды енгізу және инфрақұрылымдық нысандарды жаңғырту бойынша Ұлттық компания іске асырып жатқан саясаттан хабардар етті.

Сұлугұл БАКЕСОВА

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы халықтың іскерлік белсенді деңгейін және де уақытты үнемдеумен қатар мейлінше қолайлы және сапалы көлік құралын пайдалануға ынта білдірген заманауи жолаушының таңдауларын ескере отырып, 2003 жылдан бастап Тальго компаниясының жүрек пойыздарын кезек-кезекмен іске қоса бастаған. Ал 2013 жылы «Тулпар-Тальго» зауытының базасында Patentes Talgom S.L испан компаниясының технологиясы бойынша жолаушылар вагондарының құрылысы басталған. Бүгінде жолаушылар вагондары паркінде 2121 вагон бар болса, соның 870-і жаңартылған. Оның 672-сі елімізде әлеуметтік маңызды тасымалды қамтамасыз етіп отырған жүрек вагондар «Тулпар-Тальго» ЖШС өнімі болып отыр. Ал жүк және тартымдық жылжымалы құрамға қатысты техникалық саясатқа келсек, бұл бағытта да жаңғырту жұмыстары белсенді жүргізіліп жатқанын байқаймыз.

Мәселен, магистральдық локомотивтер паркін құрайтын 1689 локомотивтің бүгінде 609 бірлігі жаңартылып және жаңғыртылған. Ең үлкен жетістік, елімізде ТЭ33А және ТЭП33А сериялы магистральдық тепловоздардың, КЗ8А жүк электровозы мен КЗААТ жолаушы электровоздары өндірісінің игерілуі. Ал 2019 жылдың соңына қарай жаңа сериялы маневрлік тепловоздың екеуі шықпақ, бұл өз кезегінде Компания талаптарына сәйкес келетін негізгі локомотивтер тізбегін қалыптастырмақ.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық ор-

талығының бас менеджері Аян Кәрібжановтың айтуынша, Компанияда эксплуатациялық сипаттама-сы жақсартылған жүк вагондарына қатысты Техникалық талаптар бекітілген. Айталық, ашық вагондардың жүк көтергіштігі 75 тоннаға дейін, цистерналар көлемі 88 текше метрге дейін, жабық вагондар көлемі 175 текше метрге дейін, ал жөндеуаралық мерзімі 8 жылға дейін ұлғайтылған. «Сонымен қатар ҚР Премьер-министрінің 2019 жылдың 26 маусымдағы №115Р бұйрығымен бекітілген 2019-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының машина жасау саласын дамытудың кешенді жоспарын жүзеге асыру шеңберінде жаңа типтегі жүк вагондарын жаңарту көзделіп отыр» деп тың ақпаратпен бөлісті спикер.

Кәрібжановтың мәліметінше, Кешенді жоспар шеңберінде Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар аясында қозғалыс жылдамдығын 140 км/сағатқа дейін көтере алатын, жүк вагондарының дәнекерленген конструкциялы арбасының техникалық құжаттамасын әзірлеу қарастырылған. Ал арбаның дәнекерленген конструкциясы барлық еуропалық жүк вагондарының базалық теңді болып табылады екен. Және де аталған арбаға құжаттама барлық еуропалық өндірушілерге абонементті төлемақыға шектеу қойылмай қолжетімді көрінеді. Осылайша, барлық еуропалық өндірушілер жаңағы арба типіне көшкен. Ал «1520» жол табанына дәнекерленген арбаны тек жоғары бағдарлық жылдамдығы тәулігіне 2000-2500 км-ін құрайтын



бағдарларға ғана қолдану орынды деп табылып отыр. Осыған қатысты тиімді бір келісімге қол жеткізілген көрінеді. «Германияның Transpec компаниясымен жөндеуаралық жүрісі 1 млн километрді немесе 10 жылды құрайтын параметрлері бар 1520 жол табаны нормаларына сай бейімделген екелементі дәнекерленген арбаларды енгізуге алдын ала техникалық-экономикалық бағалау жүргізу туралы келісімге қол жеткізілді. Бұл техникалық шешім жүк қозғалысындағы жылдамдыққа қатысты қазіргі шешімдерді алып тастап, рұқсат етілген жылдамдық шегін жолаушылар деңгейіне дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дәнекерленген арбаларды қолдану вагондарды жоспарлы алдын алу жұмыстарынан бас тартып, тежегіш жабдығына, дөңгелектерге, подшипниктерге ревизия жүргізе отырып, нақты жағдайы бойынша жөндеуге көшу, сондай-ақ, қызмет көрсету персоналын, қосалқы бөлшектерді, аспаптарды, тағысын тағы қажетті дүниелерді тартуды тиімді жоспарлауға бағытталған бірқатар артықшылықтарды пайдалану отырып, шығыс материалдарын алмастыруға мүмкіндік бермек», – дейді Техникалық орталық бас менеджері.

Инфрақұрылым саласындағы техникалық саясат екі негізгі бағытты қамтып отыр: біріншісі, инфрақұрылымды кешенді жаңғырту, екіншісі инфрақұрылымды жөндеу және техникалық қызмет көрсету жүйелерін жетілдіру. Инфрақұрылымды кешенді

алып сататын делдалдармен күрес күшейтілді. Мәселен, осы жылдың 1 шілдесіне дейін «делдалдар» барлық вагондардан пойыз жүргенге дейін 45 күн бұрын орындар сатып алатын, ал оларды басқа адамның атына қайта рәсімдеу үшін билетті қайтарғанда оған кепілдік беру мүмкіндігі керек болды. Ал бұрынғы «АСУ Экспресс» жүйесі бұл функцияны бірнеше мәрте өтінім жіберу арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Оның нәтижесі үнемі сәтті аяқталатын. Осындай қолдан билет тапшылығын жасаушылармен күрес үшін енгізілген жаңа «Мобиус» жүйесінде орындар «аулауды» бұғаттау функциясы және «Күту парағы» қарастырылған.

– Бұл жаңашылықтардың бәрі жолаушылар игілігін көздейді. Қазірдің өзінде оң нәтижесін беріп жатыр. Ең бастысы, билет таппаған халық «делдалдарға» күнін түсірмей-ақ өздері билет табуға көшті. Бүгінгі таңда билет.railways.kz сайтының әкімшілігі қолданушылардың 60-тан астам есептік жазбасын бұғаттады. Себебі олардың әрбіріне билеттердің шектен тыс көлемі рәсімделген. Веб-портал ережесі бойынша бір есептік жазбаға тек 6 жолаушыға дейін адамды тіркеуге болады, – деді С. Әбденов.

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АҒЫМДАҒЫ КҮТІМ ЖАСАУДА

Жылдың қай мезгілі болмасын қызылордалық жолшыларды теміржолдың бойында жұмыс жасап жүрген жерінен жолықтыруға болады. Жолшылар бірде рельс тізбектерін ауыстырып жатса, енді бірде ақауапқыш анықтаған кемшіліктерді қалпына келтіру жұмыстарын атқарады. Қысқасы, қашан көрсеніз жолдың бабын жасап жүреді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Бүгін де, міне, технологиялық процестердің талапқа сай болуы үшін ағымдық күтім жұмыстарын жасап жатқан бір топ жолшыларға жолықтық. Олар Қызылорда жол дистанциясының



1-жол колоннасының жұмысшылары Қанағат Заир, Мәди Оңалов, Асанхан Спанов, Рахымжан Әлімбаев және Әкежан Тастанов екен. Әрқайсысының 15-20 жыл еңбек өтілі бар тәжірибелі жолшылар. Олар станциялық жолдардың бойындағы бағыттамалық жұмыстардың крестовинасын тазар-

тып сырлау, тартым блек темірінің тетіктерін жаңарту, бояу жұмыстарын атқаруда екен. Және станцияда басылушының жолдарды бақылау тексеру барысында анықтаған кемшіліктерін жою мақсатында жұмыс жасауда.

Жол жөндеушілер Мәди Оңалов пен Қанағат Заир бекет жолының солтүстік

алқымындағы №64 бағыттамалық бұрманың маңын ретке келтіріп жатса, Рахымжан Әлімбаев, Әкежан Тастанов және Асанхан Спанов №54 бағыттамалық бұрманың крестовинасы қанатының, ұшының белгіленген орындарын ақ, сары және қызыл түсті бояумен сырлау жұмыстарын атқаруда.

– Дистанция басшыларының жолдарды аралап тексеру барысында анықталған кемшіліктерді дер кезінде қалпына келтіріп, жолдың технологиялық процесс талабына сай бабында болуын қамтамасыз ету өз алдына, алдағы күзгі комиссиялық тексеру науқанына жолдарды дайындау және жолдарға ағымдық күтімде ұстау жұмыстарын атқарудамыз. Мына 64-бағыттамалық бұрманың 1-тартым блек темірінің оқшаулағышын ауыстыру жұмысы біздерге тапсырылды. Оқшаулағышты талапқа сай ауыстырып, бекіту жұмыстарын жасаудамыз. Айналып келгенде, бөріміздің илегеніміз бір терінің пұшағы, яғни пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыруға негізделген жұмыстар, – дейді Қызылорда жол дистанциясында 15 жылға жуық жол жөндеуші болып жұмыс жасап жүрген Қанағат Заир.

Суретті түсірген автор

ИМПОРТОЗАМЕЩЕНИЕ

ОЩУТИМАЯ ПОДДЕРЖКА

В рамках программы «Самрук-Қазына» по импортозамещению АО «НК «ҚТЖ» заключило два долгосрочных контракта с отечественными производителями – ТОО «AsiaTrafo» и ТОО «КазТЭЦ» – по поставке силовых тяговых трансформаторов и рельсовых замедлителей.

Любовь РОВБА

Соответствующие документы были подписаны сторонами в ходе VII Форума машиностроителей Казахстана в Нур-Султане. Стоит отметить, что ранее председатель правления фонда «Самрук-Қазына» Ахметжан Есимов дал поручение актуализировать стратегии по продукции машиностроения с учетом приоритета казахстанских производителей. В связи с этим перед портфельными компаниями фонда поставлена амбициозная задача по созданию в текущем году в Казахстане не менее 10 новых производств, по которым они заключают офф-тейк-договора. И АО «НК «ҚТЖ» первой приступило к ее выполнению.

– Фонд «Самрук-Қазына» создал условия для заключения прямых контрактов с предприятиями, проводящими работу по импортозамещению. В свою очередь,

Қазақстан темір жолы обеспечивает поддержку железнодорожных казахстанских машиностроительных предприятий и готово заключать с ними долгосрочные договоры. В рамках Программы импортозамещения в ҚТЖ создан проектный офис, где все потенциальные поставщики могут предложить свое производство. На этой площадке еженедельно мы обсуждаем предложения и по согласованию с фондом включаем их в проект новых производств. На основании этого решения заключаем с производителями офф-тейк-контракты, – проинформировал заместитель председателя правления по обеспечению АО «НК «ҚТЖ» Айдын Оразханов.

